Сенімнің типтері әлеуметтік қатынастардың сапасымен де айқындалады. Қазіргі қоғамда сенімді зерттеу, бірінші кезекте, оның потенциалдық ресурстарын ашып көрсетумен; екіншіден, нақты қоғамдағы тұлға аралық және институционалдық әлеуметтік қатынастардың құрылымдық элементі ретінде оның маңызын түсінумен байланысты.

Қоғамдағы кедейліктің өсуін, сенімсіздік пен әлеуметтік қатерлерді азайту – бұл, қазіргі қоғамдардың алдында тұрған маңызды міндеттер болып табылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік сенім, азаматтық қоғам, сенімділік, үміт, әлеуметтік қатынастар, сенім құндылығы.

G.K.Atabayeva[1] G.O.Abdikerova

PhD student, AlFarabi University,
Almaty, Kazakhstan, atabaeva.g@mail.ru
doctor of sociological sciences, professor, AlFarabi University
Alamty city, Kazakhstan, a.gulnapis@mail.ru

ROLE OF TRUST IN KAZAKHSTAN SOCIETY

Abstract

Trust is the basis of self-knowledge and the realization of a person in a complex system of social relations. Therefore, it is necessary that all people understand the essence of this phenomenon.

The purpose of the study is to reveal the potentials of trust as a social phenomenon, and to substantiate its role in improving the quality of social relations in Kazakhstani society.

The main problem is the insufficiently high level of trust among people in the interpersonal and institutional aspects. Problems arise due to the low level of development of civic values, and the emergence of behavioral patterns that do not comply with the social norms of civil society. Trusting relationships between social actors can develop by improving the basic aspects of successful socialization in the process of creating a competitive nation, such as education, healthcare, culture and social Security.

The main tasks of the problem under study are directly related to the disclosure of the essence of social trust, its role in harmonizing social and social relations, in improving the social capital of modern Kazakhstan.

Studies of foreign and domestic scientists allow us to understand the conceptual foundations of trust, the interaction strategy of social groups, the prospects for the development of civil society, as well as the features and specifics of the social capital of modern societies, models of civil behavior of the population.

Trust plays an important role in building a civil society, is its main institution, as well as the main component of social capital and effective social relations.

Today, quality information is reflected in the human mind and affects its social behavior. Therefore, great attention must be paid to the quality of the information provided, and their usefulness to citizens. Types of trust are also characterized by the quality of social relations. The study of trust in modern society is primarily due to the need to disclose its potential resources; secondly, the substantiation of its important role as a structural element of interpersonal and institutional social relations of a particular society.

The need to reduce poverty growth in society, distrust and social risks are important challenges facing *modern societies*

Keywords: social trust, civil society, trust, hope, social relations, state support, value of trust.

Г. К. Атабаева[1] Г.О. Абдикерова[2]

Докторант 2-го курса КазНУ им аль-Фараби,
Казахстан, atabaeva.g@mail.ru
д. соц.наук,профессор КазНУ им аль-Фараби,
Казахстан, a.gulnapis@mail.ru

РОЛЬ ДОВЕРИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

Доверие является основой самопознания и реализации человеком себя в сложной системе общественных отношений. Поэтому необходимо, чтобы все люди понимали сущность этого феномена.

Целью изучения является раскрыть потенциалы доверия как социального явления, и обосновать его роль в совершенствовании качества социальных отношений в казахстанском обществе.

Основой проблемой является недостаточно высокий уровень доверия среди людей в межличностном и институциональном аспекте. Проблемы возникают в связи с невысоким уровнем развития гражданских ценностей, и появлением моделей поведения, не соответствующих социальным нормам гражданского общества.Доверительные отношения между социальными субъектами могут развиваться путем улучшения основных аспектов успешной социализации в процессе формирования конкурентоспособной нации, таких как образование, здравоохранение, культура и социальное обеспечение.

Основные задачи исследуемой проблемы непосредственно связаны с раскрытием сущности социального доверия, его роль в гармонизации общественных и социальных отношений,в совершенствованиисоциального капитала современного Казахстана.

Исследования зарубежных и отечественных ученых позволяют понять концептуальные основы доверия, стратегию взаимодействия социальных групп, перспективы развития гражданского общества, а также особенности и специфику социального капитала современных обществ, модели гражданского поведения населения.

Доверие играет большую роль в построении гражданского общества, является его главным институтом, а также основным компонентом социального капитала и эффективных социальных отношений.

Сегодня качественная информация отражается в сознании человека и влияет на его социальное поведение. Поэтому необходимо уделить большое внимание на качеству предоставленных информации, и их полезности гражданам. Типы доверия характеризуются также качеством социальных отношений. Изучение доверия в современном обществе обусловлено, прежде всего, необходимостью раскрытия его потенциальных ресурсов; во-вторых, обоснованием его важной роли в качестве структурного элемента межличностных и институциональных социальных отношений конкретного общества.

Необходимость снизить рост бедности в обществе, недоверия и социальные риски – это важные задачи, стоящие перед современными обществами.

Ключевые слова:социальное доверие, гражданское общество, доверие, вера, социальные отношения, ценность доверия.

Thank you for trying Soda PDF

Кіріспе

Қазақстандағы азаматтық қоғамды нығайту, оны ең озық ұлттық проблемаларды шешу мақсатында талқылауға қатыстыру - Қазақстанның дамуының осы кезеңінде шешілуі қажет кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып тұр.Осы мақсатта ротация принципі бойынша жұмыс істейтін Қоғамдық сенім ұлттық кеңесі құрылды (2 сентября 2019 г.) Азаматтық қоғамның дамуы адам ресурстарының сапасын талап етеді, бұл өз кезегінде азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатына байланысты. Адами ресурстарды оның әлеуетіне айналдыру және қоршаған табиғи әлемді жақсарту оны дамытуғаүздіксіз инвестицияны қажет етеді.

Адамзат тарихы сенімнің әсерінен өзгереді. Сенімнің әр алуан түрлері бар және сенім, қалыптасқан жағдайдыөзгерте алатын негізгі себеп. Сенім - бұл көп өлшемді әлеуметтік құбылыс, қазіргі қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік өмірінде, азаматтардың әлеуметтік қарым-қатынасында маңызды рөл атқарады және әлеуметтік әл-ауқат пен өмір сапасының көрсеткіші ретінде әрекет етеді. Өкінішке орай, бүгінгі қоғамда жеке адамдарға, ұйымдарға, жүйелерге, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық, саяси институттарға деген сенім деңгейі төмен. Ұлттың әл-ауқаты мәселесі біздің мемлекетіміздің саясатының басты басымдығы болып табылады, өйткені бәсекеге қабілетті ұлттық экономика құру сияқты мәселені шешу біртұтас азаматтық қоғам құрудан басталуы керек. Сенім барлық азаматтардың әл-ауқатының және ынтымағының құндылықтарына негізделген өркениетті нарықтық экономика мен азаматтық қоғамды құрудың негізі (Түсіндірме сөздік, 2006). Қоғамдық сананы жаңғырту, қоғамда ынтымақтықты қалыптастыру, сенім мен ынтымақтастық қарым-қатынасы зерттеудің маңызды аспектісі болып табылады. Сенім түрлері әлеуметтік байланыстардың сапасымен сипатталады. Қазіргі қоғамның әлеуметтік капиталы жүйесіне деген сенім, біріншіден, оны тәуелсіз әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеу қажеттілігінен туындайды; екіншіден, белгілі бір қоғамның тұлғааралық және институционалды әлеуметтік қатынастарының құрылымдық элементі ретінде зерттеуге байланысты.

Сенімнің әлеуметтік құбылыс ретінде
әлеуметтік-саяси ғылымдарда зерттелуі

Бұл жұмыстың мақсаты - сенімді әлеуметтік құбылыс және қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың сапасын өлшеу көрсеткіші ретінде зерттеу болып табылады.Қазіргі уақытта өзектілігі көтеріліп отырған бұл әлеуметтік феноменге батыстың, ресейдің, қазақстанның ғалымдары жүйелік, факторлық, іс-әрекеттік, себеп-салдарлық талдауларды қолданып кеңінен зерттеу жүргізіп отыр. Әрине, сенімнің концептуалдық тұрғыда тереңінен зерттелуі батыстың постиндустриалдық даму кезеңінде орын алды.

Көптеген ғалымдар сенімді әлеуметтік капитал және әлеуметтік қатынастарды құру негізі ретінде қарастырды. Көрнекті американдық саясаттанушы Р.Патнэмның көзқарасы бойынша, тұлғааралық сенімді дамыту «жергілікті деңгейде басқарылатын көлденең ұйымдардың болуы; егер елді қуатты, иерархиялық, орталықтандырылған бюрократиялық аппарат басқарса, бұл мұндай сенімге нұқсан келтіруі мүмкін (Putnam, 1995: 67). Неміс әлеуметтанушысы Н.Луман көрсеткендей, дәстүрлі қоғам өзін оппозициялық «достар»/ «бейтаныс адамдар», ал қазіргі қоғам - қарым-қатынас және сенім арқылы көрсетеді (Luhmann, 1981:198-227). Дәл осындай фактор Д.Гамбетта зерттеулерінен кейін мемлекеттік биліктің айналасында мафия тәрізді әлеуметтік топтардың қалыптасуына негіз болды (неопатримониалдық режим және т.б.) (Гамбетта, 2011:54). Біздің саяси және әлеуметтік институттарымыздың құқықтық қабілеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің әлсіздігі, бұл Қазақстанда бірінші кезекте, отбасылық және жақын достық, туыстық қатынастарға аса мән беріліп, азаматтық , ресми қатынастарды екінші кезектегі мәселе деп есептейтіндіктен де болуы әбден мүмкін. Қоғамдағы кедейлер санының өсуі де сенімсіздік пен әлеуметтік қауіпті тудырады. Сенім барлық азаматтардың әл-ауқатының және ынтымағының құндылықтарына негізделген өркениетті нарықтық экономика мен азаматтық қоғамды құрудың негізі болып табылады. Қарапайым тілмен айтқанда, әлеуметтік капитал - бұл әр түрлі мәселелерді шешуге қатысты әлеуметтік қатынастарға түсу барысында адамдар арасындағы қатынастарда қалыптасатын байланыстар. Адамдардың басым көпшілігінде бір-біріне деген сенімнің төмендігінен көптегенмәселелер туындайды; Қазақстандық қоғамда,қоғамдық және мемлекеттік институттарға деген сенімсіздік кеңінен дамыған. Осы тарапта неліктен біздің қоғамда сенім деңгейі жоғары емес деген сұрақ туындайды. Қоғамға деген сенімді зерттеуге көптеген еңбектер арналған. Мысалы, Э.Гидденс, Р.Дарендорф, Т.Парсонс, А.Селигман, Ф.Фукуяма, П.Штомпка сенімді күрделі әлеуметтік құбылыс деп зерттеген ғалымдар. Әлеуметтану ғылымында сенімді зерттеудің әлеуметтанулық спектрі кең, сондықтанда мұны осы бағыттың дамуына үлес қосқан ғалымдардың әрқайсысы, белгілі бір әлеуметтік проблема аясында сенімге талдау жасау арқылы көрсетеді.

Сенім - адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі болып табылады. Қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында адам өзінің дүниетанымдық көзқарасына, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу әдептілік болып есептеледі. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесін көрсетеді. Адам алдына қандайда бір мақсат қойып, оның нәтижелі орындалуына сенім білдіріп, іс-әрекетке кіріскен кезде ғана, ол жоғарғы нәтижелерге жете алады. Сенім- адамның ақыл-ойын, күшін, еркін, қабілетін жоғарылататын жағымды сезім. Сенім - адамның жігерін арттырып, жарқын болашаққа құлшындыратын құбылыс (болашаққа сену, еңбекке сену, жақын адамдарға сену, дінге сену, т.б.). Сенім үміттен басталады десек артық емес. Сенім адамның алдына қойған мақсатының айқын болуынан, және оның дүниетанымының өмірмен байланыстылығы тұрғысындағы берік сенімнен туады. Бұл адамның нақты іс-әрекеті мен тәжірибесіне байланысты.

Тұлға аралық сенім институционалды сеніммен (әлеуметтік-саяси институттарға сенім) ұштасуы керек. Қазіргі уақытта бұл біздің қоғамның негізгі әлеуметтік институттарының, мемлекеттің маңызды дағдарыстарының көрінісін бейнелейді. Мұндай жағдайда әртүрлі жалған ақпарат көздері мен әлеуметтік желілердегі шындықпен жанаспайтын хабарламалар адамдардың сенімін төмендетеді.

Біріншіден, сенім қоғамның интеграциясы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін «тетіктердің» негізі екенін атап өтуге болады. Көлденең және тік әлеуметтік қатынастардың әрекеті жағдайында адамдар арасындағы сенімділік маңызды рөл атқарады. Адамдар арасындағы сенімді қалыптастыру процесі кей жағдайдаолардың жеке қасиеттеріне, қоғам түріне және қоғамдық қатынастардың даму ерекшеліктеріне де байланысты болып жатады. Тек әлеуметтік өзара іс-қимылдың интеграцияланған жүйесінде ғана әлеуметтік субъектілердің өзара сенімді қарым-қатынасы қалыптасады десек болады. Бұл құбылыс қазіргі кезеңде ең өзекті құбылыс болып табылады. Біз азаматтарды бір-біріне және қоғамдық институттарға деген сенуге үйретуіміз керек. Сенім құндылығын қалыптастыру үшін,оның мәнін анықтау қажет. Жеке тұлға деңгейінде бұл құбылыс әлеуметтік рөлдерді орындау, басқа адамдарға сыпайылықпен мейірімділік таныту, тұлғалық ерекшеліктерді мойындау,сол сияқты адамдардың қасиеттері мен қабілеттерін бағалау, сонымен қатар басқа біреудің жақсы ниетіне, адамдар арасындағы өзара,бірі-бірінедеген қатынастарға сену, яғни басқа адамға қасақана немесе абайсызда зиян келтірмеуге тырысу. Сенім адамның мүддесіне байланысты жүзеге асырылады.

Сапалы ақпарат адам санасында көрініс табады және оның әлеуметтік мінез-құлқына әсер етеді (Воробьёва Л.В., 2009: 295-299). Ақпараттар сапасы адамның сеніміне де әсер етіп оның күнделікті мінез-құлқында көрініс табады. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылып отыратын хабарлардың сапасына мән берген жөн. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз - адамның ой-санасын басқаратын төртінші билік. Адамдар олар арқылы таратылатын ақпараттарды қабылдап, онда жазылғандардың барлығына сенеді және бұл ақпарат сенімді деп ойлайды.Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамдарды жалған нәрселерге сендіруге және кез келген жағымсыз мәліметтерді таратуға болады.

Әлеуметтік қатынастардың сипаты дегеніміз белгілі бір деңгейде, қоғамдық сенімнің басты, тұжырымдамалық ерекшеліктері, болашаққа бағдар алған субъектінің іс-әрекеті.Сол сияқты сенімді қатынастардың қосымша белгілерінің барын да білеміз олар: белгісіздік, шектеулі ұтымдылық, біреуді немесе бір нәрсені идеализациялау, шындыққа күмән келтірмеу, осалдық, тәуекелге бару.Сенім білдіруші адам белгілі бір деңгейде өз сенімі арқылы тәуекелге баруы мүмкін. Өйткені сенім ақталмаған жағдайда ол көптеген күтпеген салдарларға кезігуі мүмкін.

Американдық философ, саясаттанушы, жапондық жазушы Фрэнсис Фукуяма өзінің «Тарихтың ақыры және соңғы адам» кітабында, «қырғи қабақ соғыстың» аяқталуы жағдайында XXI ғасырда тез дамып келе жатқан капитализмде позиция үшін күрестің басталуы мүмкін деп сендірген болатын. Жаһандық экономикалық тәртіпті терең бағалау арқылы экономикалық өмірдің әлеуметтік қағидаларын түсіндіріп, әлемдік үстемдік үшін алдағы күресте жеңіске жетуде нені білуіміз керек екенін айтқан болатын. Ф.Фукуяманың пікірі бойыншаегер әлеуметтік сенімділігі жоғары қоғамдар икемді, ірі бизнесті құра алатын болса, әлеуметтік капитал бір уақытта физикалық капитал сияқты маңызғаие болады (Fukuyama, 2004: 730).

«Сенім», «сенімділік», «үміт» ұғымдарының арасындағы қатынастарды талдайтын болсақ, олар бір біріне жақын, алайда толық сәйкес келмейді деген тұжырымды жасауға мүмкіндік берді.Белгілі бір өмірлік жағдайларда сенім өздігінен дамиды, сонымен қатар адами қатынастарда күтпеген жағдайлардың да туындау қаупі де бар екенін есте сақтау керек (ВоробьёваЛ.В., 2009: 295-299).Егер субъектілер арасында қарапайым әлеуметтік байланыс орнатылған болса, онда алдымен сенуге, содан кейінфункционалдық жүйелерге қатысуға(экономика, саясат, мәдениет) сенімнен гөрі, сенімділік көбірек қажет сияқты. Кез келген тұлға, әлеуметтік сенім субъектісі ретіндесаналы әрекет етеді, ал ұзақ мерзімді әлеуметтік байланыстар мен қатынастарда сенім субъектілері ретіндеқоғамдық бірлестіктер, топтар, институттарды да қарастыруға болады. Аграрлық және индустриалды қоғамдарда сенім міндеттеме ретінде әрекет етеді деп те айтады. Ал постиндустриалдық қоғамда мемлекет, индустрия және нарық сияқты маңызды әлеуметтік институттар үшін, сенім өте маңызды әрі құнды әлеуметтік құбылыс болып табылады.Постиндустриалды қоғамда сенімнің пайда болуы ерекше әлеуметтік маңызы бар келесі аспектілерден көрінетіні анық:

- этикалық: мораль жеке адамның немесе тұтас қоғамның мәні ретінде;
- социологиялық: адами қатынастар мен өзара әрекеттестіктің ажырамас атрибуты ретінде; әлеуметтік ынтымақтастықтың нысаны ретінде;
- философиялық және тарихи: әлеуметтік прогрестің өлшемі ретінде.

Американдық әлеуметтанушы Джеймс Коулман «Адам капиталын өндірудегі әлеуметтік капитал» (1988) атты мақаласында, жаңартылған тұжырымдаманы ұсынды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес әлеуметтік капитал - бұл қоғамдық игілік, бірақ жеке тұлға мұны пайда табу мақсатында жасайды. Бұл жағдайда жеке тұлға еркін және ұтымды деп танылады. Әлеуметтік капиталды құру үшін, белгілі бір әлеуметтік келісімшарт қажет, яғни әлеуметтік нормалар мен алмасулар болуы керек. Белгілі бір сенім деңгейінсіз, алмасу мүмкін емес (Coleman J., 1988: 95-120).

Қазіргі қоғамның әсер ету саласы,күрделі құрылымды үш деңгейден тұрады:

1) Жеке: бұл кез-келген қоғамға деген сенім негізі. Сенімнің көрінісі,көп жағдайларда жеке басының ерекшеліктеріне емес, әлеуметтік ортаның ерекшелігіне байланысты болып жатады. Әрине, бұл әр адамның әлеуметтену процесіне әсер етуімен қатар, оның әлеуметтік тәжірибесінде де ерекше із қалдырып жатады.

2) Әлеуметтік: басқа адамдармен арадағы әлеуметтік қатынастарды, сонымен қатар әлеуметтік нормалар немесе әлеуметтік институттардың әсері негізінде қалыптасатын, жеке адамдар арасындағы қатынастардысипаттайды.

3) Әлеуметтік-мәдени: пайда болған немесе қалыптасқан сенім мәдениеті белгілі бір ережелер мен нормаларға негізделіп, қауымдастықтың көптеген мүшелері үшін құнды болып табылады. Мұндай ережелердің ерекшелігі - қоғамда жазалау әдісі түріндегі ресми бақылаудың болмауында. Әлеуметтік бақылау, сенім қатынастарында, ұтымды мінез-құлық таңдауын жасайтын адамдардың ішкі, өзін-өзі басқаруын алмастырады. Сенім адамның ішкі іс-әрекетінің элементіне айналатындықтан, ол үнемі қоғамдық әрекеттерде көрініс табады. Өмірлік мақсаттар мен шындықты әлеуметтік бағалау да, сенімге байланысты. Кез-келген әлеуметтік құбылыс, процесс немесе қоғамдық құбылыс оларға деген сенім тұрғысынан бағаланады.

Нарық, бәсекелестік, заң үстемдігі, азаматтық қоғам, демократия қазіргі өркениетті әлемнің басты ерекшеліктері болып табылады(ВоробьёваЛ.В., 2009: 295-299). Әлеуметтік сенім, дамыған азаматтық қоғамда мінез-құлық рөлін атқарады, осылайша өзінің мүшелеріне әлеуметтік тәртіпте барынша еркіндік береді. Сонымен, сенім ауқымы өте кең.Алайда, әлеуметтік қатынастардың жекелеген түрлері сенім деңгейінің көрінісін талап етеді. Жеке сенім тұлғааралық, отбасылық, экономикалық қатынастардың негізіне айналады, яғни мүдделер, жауапкершілік, міндет, міндеттеме сезімі ретінде жеке-жеке көрсетіледі. Қоғамдық сенім белгілі бір іс-әрекеттерді, бүкіл қоғамның және оның жеке тұлғалары мен институттарының реакциясын күту ретінде, қоғамдық мүддеге шоғырланған. Әлеуметтік мәдени сенім жоғары рухани құндылықтармен делдалданады және тұтастай қоғамда сенім мәдениетін қалыптастырады.

Адамдар арасындағы сенімді қалыптастыру процесі олардың жеке қасиеттеріне, қоғамның типіне, әсіресе микро және макро деңгейлердегі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың дамуына байланысты.Өркениеттің индустриалды кезеңінде, азаматтық сенім мәдениетін қалыптастыруды қоғамның күшті қысымын төмендететін қоғамдық ұйымдар арқылы да жүзеге асыруға болады. Қазіргі ғылым, сенімді шындықтың көп деңгейлі сараланған құбылысы деп санайды. Оның құрамына әр түрлі нысандар мен типтер (жекешелендірілген, жүйелі, реттелетін, беделді, девиантты және т.б.)кіреді (В. Ледяев.,2012:472).

Сенім - динамикалық құбылыс. Адамзаттың тарихи дамуы барысында оның көріну формалары өзгерді. Бір нәрсе айқын - қазіргі әлемге сенім қажет. Бұл құбылыс көп факторлы және көп қырлы әлемде тұрақты қоғамдық тәртіпті орнатудың нақты механизміне айналады. Оның айқын және жасырын әлеуетін пайдалану міндеті сөзсізадамзатқа керек. Осы тұрғыда, Nur Otan партиясың мүшесі Бауыржан Байбек: «Егер де қоғамда диалог болмаса, сенім де болмайды. Сенім жоқ жерде, болашаққа нық қадам жасай алмаймыз», деп атап көрсетті.

Белгілі қазақстандық әлеуметтанушы Салықжанов Р.С. билік тарапынан болатын көптеген хабарламаларға қатысты көпшіліктің скептицизмінің қалыптасуын «билікке деген сенімнің төмендеуінен» деп түсіндіреді. Соңғы уақыттарда халықтың билікке деген сенімі біршама төмендеді (Салыкжанов Р.С., 2014: 307-313). Билік пен қоғамның елдегі мәселелерге қатысты өзара түсіндірулерінде біршама сәйкессіздіктер бар.

Адами капиталдың сапасы әлеуметтік байланыстардың, яғни қоғамның әлеуметтік капиталын анықтайды. Жеке тұлғаның білімдік, мәдени және әлеуметтік деңгейін жоғарылату үшін жасалған әрбір инвестиция олардың әлеуметтік мәртебесінің, құндылықтарының, адамдарға, табиғатқа деген көзқарасының сапалық өзгеруінің маңызды көзі болып табылады.Сенім - бұл өзін-өзі қамтамасыз етуші субъектілердің әлеуметтік сипаты.Мұндай адамдар көп болған сайын, қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастық көп болады.

Қорытынды

Соңғы жылдары халықтың мемлекетке деген сенімінің жеткілікті деңгейде көтерілмегендігін мойындау керек. Бұл мемлекеттік аппаратқа, мемлекеттік қызметшілерге, қоғамдағы кеңейтілген сыбайлас жемқорлыққадеген белгілі бір деңгейде сенімсіздіктің қалыптасуы. Сонымен қатар жоғары білімді, кәсіби маманданған жастардың Қазақстаннан көптеп кетуі де көп алаңдаушылық туғызып, сенімге қатысты сұрақтарды өзектендіреді.

Сонымен бірге, қоғамда сенімнің құлдырауы елдің халықаралық деңгейдегі имиджіне де кері әсерін тигізуі мүмкін. Ашық түрде шешілуге тиісті бірқатар мәселелерді ескере отырып, Қазақстанда бұдан да үлкен қиындықтардың алдын алу үшін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Бүгінге дейін түрлі таным-түсініктегі,діни көзқарастағы қазақстандықтар бір үйдің баласындай, ынтымағы жарасып, құтты шаңырағын шайқалтпай, берекесін қашырмай өмір сүріп келе жатыр. Біздің қоғамда әралуан пікір бір мақсат, ортақ мүдде төңірегінде тоқайласады. Осының жарқын бір көрінісі Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі болу керек (Касым-Жомарт Токаев, 2019).

Бұл қоғамдағы болатын сенімсіздіктер мен проблемалардың алдын алуға бағытталған жұмыстардың бастауы болып табылады.Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі Қазақстанды жетілген азаматтық қоғамы бар мемлекетке айналдыруда үлкен роль атқаруы тиіс. Тұлға аралық қатынастарда, институционалдық қатынастарда сенімді қалыптастыру қоғамды дамыту, халықтың әл-ауқатын көтеру, өмір сапасын өзектендіруге бағытталған жұмыстардың кең аясын талап етеді. Өмір сапасының көтерілуі адамдардың тұлғалық сапаларының жетілдірілуіне алып келеді. Тіпті, адамның сенімінің қалыптасуының өзі өмір сапасының негізгі өлшемі болып табылады.

Қазақстанда институционалдық сенім мен ынтымақтастықты дамыту мақсатында көптеген жұмыстар жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, қоғамда ынтымақтастықты дамыту, адамгершілік өлшемдерімен анықталатын өзара әріптестік қатынасын дамыту, «Мәңгілік ел» патриоттық актісінің негізін қалайтын жалпыұлттық біртұтастық, бейбітшілік және келісім, жоғары руханилық, инновациялар негізінде тұрақты экономикалық даму сияқты идеялар сенім идеясымен тікелей байланысты.

Ұлттың саулығы біздің мемлекеттің негізгі басымдығы болғандықтан бәсекеге қабілетті ұлттық экономиканы құру міндетін шешуді инновациялық технологиялар мен техниканы дамытудан емес ынтымақты азаматтық қоғамды құрудан бастаған жөн. Әлеуметтік капитал бәсекелі нарық экономикасын құрудың базисі болып табылады. Бұл

қоғамның әл-ауқатының көтерілуінің жаңа өлшемдерін бекітуге мүмкіндік береді, өйткені «әлеуметтік капитал» ұғымының негізінде әлеуметтік қатынастарға салынған инвестициядан күтілетін қайтарылым туралы идея жатыр.

Қазақстан 2030» Стратегиясынан бастап (1997г.) «Қазақстан 2050» Стратегиясына дейінгі және одан кейінгі Қазақстан Президентінің жыл сайынғы жолдаулары мен мемлекеттің бағдарламалық құжаттары адамдар арасында байланыс пен коммуникациялық қатынастарды, өзара құрметтеу, түрлі конфессиялар арасында төзімділік пен сенімділік қарым-қатынастарының барлық түрлерін, білім мен мәдени деңгейін дамытуға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Воробьёва Л.В. Роль доверия в современном обществе «Преподаватель XXI век» 2009 №2Стр 295-299.*
2. *Гамбетта Д. 2011. Коды криминального мира. Как общаются между собой преступники (Пер. с англ. В. И. Васильева.) Чебоксары: Перфектум.*
3. *Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана / Послание Касым-Жомарта Токаева 2 сентября 2019 г..*
4. *Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.г.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6.*
5. *Валерий Ледяев. Социология власти. Теория и опыт эмпирического исследования власти в городских сообществах. – М.: Высшая Школа Экономики (Государственный Университет), 2012. – 472 с.*
6. *Салыкжанов Р.С., Джаманкулов К.Э. Основы социального капитала современной молодежи // Сборник материалов Астанинского социологического форума, посвященного Дню Первого Президента Республики Казахстан. Астана. 2014. – С.307-313.*
7. *Coleman J. Social Capital in the Creation of Human Capital. American Journal of Sociology. 1988. Volume 94. P. 95-120.*
8. *Fukuyama F. Trust.The Social Virtues and the Creation of Prosperity. Изд-во: АСТ. – 2004. – P. 730. ISBN: 0684825252*
9. *Giddens A. The consequences of modernity. Stanford: Stanford univ. press, 1990;*
10. *Luhmann N. IdentitätsgebrauchinselbstsubstitutivenOrdnungen,besonders Gesellschaften // Luhmann N. SoziologischeAufklärung. Bd 3. Opladen, 1981. S.198—227*
11. *Parsons T. About social systems. M.,2002;*
12. *Putnam R. D. Bowling Alone: America's Declining Social Capital // Journal of Democracy. 1995. vol. 6. N1. R. 67*
13. *Putnam R. For democracy to work. Civic traditions in modern Italy. - M., 1996.S. 224*
14. *Trust: sociological theory// Sociological Review. 2002.T.2 No.3-7*
15. *Darendorf R. Trails from Utopia. M.,2002;*
16. *Tennis F. Community and society: Basic concepts of pure sociology. SPb .: Vl. Dahl, 2002;*

Thank you for trying Soda PDF

.